



101703, Карағанды облысы, Шетауданы,
Бұрма ауылдық округі, Мұхтар ауылы,
Мектеп көшесі, 1 ғимарат. Тел: 87104240-3-74

muhtar_mektep@mail.ru

101703, Карагандинская область, Шетский район,
Бурминский сельский округ, село Мухтар,
ул. Мектеп, здание 1. Тел: 8710 4240-3-74

muhtar_mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ

Мұхтар ауылы

25.04.2023ж. № 11

«Мұхтар негізгі орта мектебі»
КММ-нің өзін-өзі бағалауын
ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
комиссияны құру туралы

ПРИКАЗ

село Мухтар

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 59-бабы 4- тармағы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұрығын орындау және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы № 376 бұйрығы негізінде БҰЙРАМЫН:

1. 2023 жылдың 26 сәуір «Мұхтар негізгі орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.
2. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия төмендегі құрамда бекітілсін: Комиссия төрағасы-директордың м.а. - Е.Тауфих

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- К.А.Ахметова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- К.Хазез

Ақпараттандыру ақпараттық жүйе маманы- А.Е.Байтукова

Мектептің шаруашылық меңгерушісі – С.Хасамбек

Кітапханашы – К.Хазез

Кәсіподақ төрайымы – Л.А.Ахметова

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша төмендегі комиссия мүшелеріне тапсырмалар **ЖҮКТЕЛСІН:**

3.1 Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.А.Ахметоваға:

-Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген өткен үш оқу жылғы құжаттары (жұмы оқу жоспары мен сабақ кестелері, күнтізбелік

тақырыптық жоспардың оқу бағдарламасына сәйкестігі, ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компонентінің факультативтері мен таңдау курстарының жүзеге асырылуы;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Хазезге:

- Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығындай сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;
- «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру;

3.3 Ақпараттандыру ақпараттық жүйе маманы:

- НОБД және «Bilimal» электронды мектеп журналының талапқа сай толтырылуы; оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік дәрісханаларының және оқыту техникалық құралдарының, педагог қызметкерлермен техникалық жұмыскерлерінің мәліметтерінің болуы туралы;

3.4 Мектеп кітапханашысы – К.Хазез

- Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер;
- Цифрлық тасымалдағыштардың оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер.

3.5 Мектеп медбикесі Р.Д.Кулатаева

- Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық лицензияның болуы туралы мәліметтер;
- Санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

3.6 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бағалау өлшем шарттарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптары өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша Л.А.Ахметоваға төмендегі тапсырмалар жүктелсін:


- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асырылуы;
- тәрбиешілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

4. Білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау бойынша құжаттары жоспарланған мерзіміне дейін «Мұхтар негізгі орта мектебі» КММ-нің интернет-ресурстарында орналастырылсын

5. «Мұхтар негізгі орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында қаралып, мектеп ұжымына тапсырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау және мектептің өзін-өзі бағалау бойынша барлық жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.а.



E. Taufik Е.Тауфих

Таныстым:

- K.A. Akhmetova* К.А.Ахметова
- K. Hazez* К.Хазез
- N. Kashi* Н.Кашей
- S. Hasambek* С.Хасамбек
- K. Hazez* К.Хазез
- L.A. Akhmetova* Л.А.Ахметова